



# Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

1 шілде  
сенбі  
№52 (1959)  
2023 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### АЛАШШЫЛ БАҒЫТТАҒЫ ЕЛШІЛДІК ДӘСТҮР

#### НЕМЕСЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНЕН БАСТАЛҒАН ЖОЛ

Ұлт баспасөзі туралы сөз қозғағанда алдымен «Қазақ» газеті ойға оралады. Сонау 1913 жылдың 2 ақпанында алғашқы саны жарық көрген бұл басылым шын мәнінде ұлттың шамшырағы бола білді. Бұл газетті Ахмет Байтұрсынұв, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов сынды арыстар шығарған еді.



Биыл «Қазақ» газетінің ең алғашқы саны жарыққа шыққанына 110 жыл толып отыр. Сонымен қатар 2 ақпан ұлттық басылым күні болып бекітілді. Сүйінші жаңалықты Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі әлеуметтік желіге жариялады. «Қадірлі достар! Жағымды жаңалығымыз бар. 2 ақпан – Ұлттық басылым күні болып бекітілді. Бастауында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатұлы секілді ұлт зиялылары тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі осыдан 110 жыл бұрын, 2 ақпан күні жарық көргені белгілі. Алаш ардақтыларының қолтаңбасы қалған газет ұлттық ренессанстың қайнар көзіне айналып, халқымыздың ақыл-ойын, сана-сезімін бөлек арнаға бұрды. Мемлекет басшысы бұған дейін Қазақ радиосының 100 жылдығы аясында 1 қазанды радио қызметкерлері күні деп ресми түрде бекіткен еді. Енді міне, журналистер қауымы үшін тағы бір атаулы күн белгіленіп отыр. Баспасөз саласында еселі еңбек етіп, қалам тербеп жүрген барша әріптестерімізді ұлттық баспасөз күнінің белгіленуімен құттықтаймын!» – деді министр.

3 БЕТТЕ

Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов жаңарған «Қаламгерлер аллеясында» бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін төл мерекесімен құттықтады.

### ЖАҢАРҒАН АЛЛЕЯДАҒЫ МЕРЕКЕ

Шара барысында қала әкімі билікпен халық арасында алтын көпір орнатып, өңірдің дамуына үлес қосып жүрген ақпарат саласының үздіктеріне алғыс хат пен сыйлық табыстады. Сондай-ақ Қазақстан Жазушылар Одағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, халықаралық «Алаш әдеби» сыйлығының иегері, белгілі ақын, тележурналист Қаршыға Есімсейітоваға қаланың ең жоғарғы марапаты – Қызылорда қаласының «Құрмет грамотасы» табысталды.

4 БЕТТЕ



Соңғы онжылдықтың бедерінде Алашқа ана атанған Сыр өңірінде құрылыс қарқыны бәсеңдеген емес. Тәуелсіздік жылдары облыс аумағында 300-ден аса білім беру және денсаулық сақтау нысаны салынды. Қазіргі заманға лайықталған соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған медициналық, диагностикалық және қайта сауықтыру орталықтары бой көтерді. Көпқабатты тұрғын үйлер көбейді. Бірнеше шағын аудан мен кварталдар бой көтерді. Бір сол жағалаудың өзі осы сөзімізге дәлел бола алады.

### ЖЫЛ САНАП ҚАНАТ ЖАЙҒАН –

## ҚЫЗЫЛОРДА!



Сыр өзенінің қос қапталын алып жатқан қалада биыл да қарқынды құрылыс жүруде. Қалалық құрылыс бөлімі берген мәліметке сүйенсек, биыл құрылыс жобаларын салуға 25837 млн теңге бөлінген. Оның ішінде тұрғын үй құрылысына 8333,5 млн теңге, инженерлік жүйелер жүргізуге 4790,9 млн теңге, сумен жабдықтауға 4218,2 млн теңге, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қарауылтөбе, Талсуат ауылдық округтерінде 150 орынды клубын жалғастыруға 154,4 млн теңге және Қосшыңырау ауылдық округі Досан елді мекенінде ауылышылық жол құрылысына 138,9 млн теңге, газ жүйесін жүргізуге 740 млн теңге, пәтер сатып алуға 6894,7 млн теңге, Спорт нысандарын дамыту бағдарламасы аясында Тасбөгет кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына 542 млн теңге және Қызылжарма ауылынан дене шынықтыру сауықтыру жобасының сараптама оң қорытындысын алуға 2,2 млн теңге, жылу энергетикалық нысандарды дамытуға 22,2 млн теңге қаралған.

2 БЕТТЕ

#### БРИФИНГ

### Домбырада бір күш бар қазаққа тән

Ұлттық домбыра күніне орай Достық үйінде көшпелі брифинг өтті. Брифингте облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова ұлттық домбыраның құндылығын айтып, өңірде өтетін шаралар мен домбыра үйірмесінің жұмыстарына тоқталды.



2 БЕТТЕ

### КИІМНІҢ КИЕСІ БАР

Қазақ халқының ырым-ғұйымы көбінде доп келіп жағайды. Ғылым-білім дамымай көшпелі тұрмыс кешкен кездің өзінде ата-бабаларымыз халық болғанын аңғару үшін терең зерттеудің қажеті шамалы.

4 БЕТТЕ



THE WALL STREET JOURNAL.

### КРЕМЛЬДЕГІ КИКІЛЖІҢ

Әлемдік БАҚ Ресейдегі бүліктен соң түрлі долбар, сан қырлы болжамға көшті. Әрбірі істің қалай құбыларын өзінше пайымдап, көршідегі ішкі тәртіп пен сыртқы саяси ұстаным төңірегінде ой бөліскен. Бәрі қызықты-ақ. Дегенмен «The Wall Street Journal» басылымына жарияланған Алан Каллисонның мақаласы ерекше әсер қалдырды. Автор Ресейдегі бүлікті сипаттауда әріптестері секілді оқиға ізімен емес, Путиннің ортасы, оған деген саяси элитаның сенім лимиті төңірегінде ізденіпті. Сөзсіз, бұл мақала РФ басшысы мен «аксүйектер» арасындағы қатынасты доп басып, тұщынып оқуға лайық.



Алан зерттеу нысаны ретінде Путиннің билікалды өмірін назарға алады. Сыртқа білімбес, дегенмен Путин соңғы он жылда қауіпсіздік жөніндегі кеңесшілерін Санкт-Петербургтегі жақтастарынан жинаған.

«РФ басшысы империалистік идеясын жүзеге асыру үшін, әрі Украинадағы соғысты сәтті жалғастыру мақсатында саяси элитаны ескі таныстардан құраған еді. Дегенмен өткен аптадағы жалдамалы баскесерлердің бүлігінен соң Путиннің имиджіне нұқсан келіп, саяси элитаның өзінде алауыздық бары аңғарылды. Арнайы қызмет «аксүйектер айқасын» асырып-жауып, назарды басқа жаққа бұруға тырысқанмен, халықтың Кремльді айыптаған үні қатты шығуда. Салдарынан билік вакуумы орнап, кеңесшілер кикілжіңді жалғасуы ықтимал, – дейді Алан Каллисон.

Орайы келгенде мақалада ұнаған пікірді айтқым келеді. Автор АҚШ-тағы Халықаралық қатынастар кеңесінің қызметкері және Ресейдегі Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесші Томас Грэмнің ескертпесін еске салған. Маманның сөзінше, кез келген Ресей лидері элитаның сенім лимитін түгеспеу үшін үш ережені сақтауы шарт екен. Алғашқысы – сыртқы қауіптен сақтау, кейінгісі – элитаны халықтың өзінен қорғау, соңғысы – элитаның өзара қақтығысын болдырмау. Міне, осы ұстанымға сүйенсек, Путин бүлік кезінде екі ережені сақтамаған көрінеді.

«РФ басшысы екі міндетті орындай алмады. Сыртқы жауға есе жіберді, яғни Украинадағы соғыс оңбады. Оған қоса элита арасындағы бақталастықты тежеуге әлі келмеген. 23 жылдық басқару тарихында Путин жан-жағын технократтар мен қауіпсіздік майталмандарымен толықтырған. Көбі ескі таныс. Сондықтан оларға сөз жүргізу де бөлек тәсілді талап етеді. Бұған дейін Путин жақындарын заң үстемдігі емес, үрей өктемдігімен басқарып келген болатын.

Дегенмен соңғы уақытта бәрі өзгерді. Ел басшысы қоғамнан оқшауланып, тек санаулы жақтастарымен мәміледе болады деген сыбыс бар. Бұл оның елдегі ахуал туралы толыққанды ақпарат алуына кедергі келтіруі мүмкін. Өзі «құдайдай сенетін» Қауіпсіздік қызметінің мамандары да оған қауіп болып оралуы ықтимал. Мысалы, Путин ФСБ бастығы етіп Санкт-Петербургте бірге қызмет жасаған Александр Бортниковты тағайындады. Ал Ресейдегі Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы ретінде Николай Патрушев таңдалыпты. Мұның барлығы ескі таныс болғанымен, президентті тақтан тайдыруға әлеуетті адамдар. Тіпті бүлік бастаған «Вагнер» ұйымының егесі Евгений Пригожин де жақын әріптестің бірі еді», – дейді автор.

Мақала соңында Алан Каллисон Ресейдегі саяси элитаның ендігі тағдыры туралы ой бөліседі. Карнеги атындағы Ресей Еуразиялық орталығының директоры Александр Габуевтың ойын жалғай келе, элитаның қысымға ұшырауы мүмкін екенін айтады. Путин бүліктен соң билік өкілдері мен құқық қорғау және әскери қызметтегі басшыларды қыспаққа алады. Бұл бір жағынан айналаны «сатқыннан тазарту» амалы болса, екінші тұсы кінәні артар адам іздеу әрекеті. Бұл сценарий барысында ең қауіпті нұсқа бар. Ол – қысымға шыдамаған саяси элитаның қожайынға қарсы шығуы. Демек бүлік артынан бүлік тууы ғажап емес.

4 БЕТТЕ



## Домбырада бір күш бар қазаққа тән

— Қазақ халқының жан серігі, рухани азығы болып келген киелі домбыра күні аймағымызда кең көлемде атап өтіледі. Биыл да атаулы күнге орай облыстың мәдениет ұйымдарында «Ұлы дала үні», «Қазағымның үнісің сен, домбыра!», «Домбыра думан», «Домбыра — ғасырлар мұрасы!», «Аңыз домбыра, абыз домбыра!» атты танымдық іс-шаралар өткізіледі. Ал облыс музейлері мен кітапханаларда «Ел тірегі, ұлт мұрасы - домбыра», «Домбыра дастан, домбыра күйі!», «Ғасырлар пернесі», «Домбыра — қазақ халқының асыл мұрасы» атты көрмелер, музыкалық-өнер сағаттары ұйымдастырылмақшы. Бұл игі шараның барлығы ұлттық домбырамызды құрметтеуге, жас ұрпақты рухани тұрғыда дамытуға арналады. Сонымен қатар



30 маусым күні А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Құрманғазы Сағырбайұлы 200 жылдығына және Ұлттық домбыра күніне арналған «Күй мен күйші» атты халық аспаптар оркестрі күйші-концертмейстерлерінің республикалық фестивалі, 1 шілде күні Тұңғыш Президент саябағында «Күмбірле, қоңыр домбыра!» атты гала-концерт өтеді. Барлықтарыңызды ұлттық домбырамызды кәсіпкерлеріңіз тағылымы мол шараларға қатысуға шақырамын, — деді басқарма басшысы.



Қазақ халқының мәдени мұрасы, рухани азығы болып келген киелі аспабы — «Ұлттық домбыра» күні 2018 жылдан бері елімізде кеңінен аталып өтеді.

Облыс бойынша балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық өнерін арттырып, киелі домбыраның ұмыт қалмауы үшін мәдениет үйлері мен клубтары ашылып, қазіргі таңда 100 домбыра үйірмесі жұмыс істейді. Аталған үйірмелерде мынанан аса бала қатысады. Ал мемлекеттік тапсырыс бойынша ашылған 125 домбыра үйірмесіне 2050 бала қамтылған.

Айта кететін жайт, өткен бейсенбіде Ұлттық домбыра күніне орай әрі балалардың шығармашылық өнерін арттыру мақсатында облыс әкімінің жұлдесі берілетін «Айтас олимпиадасы» атты облыстық балалар мен жасөспірімдер арасында жыр байқауы өтті. Жасөспірімдер арасындағы бұл жыр бәйгесі облысымызда тұңғыш рет өткізіліп, оған аймақтың жас ақындары қатысты.

НАЛТЫН

# ЖЫЛ САНАП ҚАНАТ ЖАЙҒАН — ҚЫЗЫЛОРДА!



«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Сырдария өзенінің сол жағалауында көпқабатты 17 тұрғын үй салынууда. Оның ішінде 50 пәтерлі көпқабатты 5 тұрғын үй және 40 пәтерлі көпқабатты 4 тұрғын үй мен 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде. Осы мөлтек ауданда 7 қабатты 84 пәтерлі 6 тұрғын үйдің құрылысы басталып, 2023 жылы пайдалануға берілетін болады. Аталған тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтуға бюджеттен 2,2 млрд теңге қаралған. Мамандар құрылыс жұмыстарына қаржы бюджеттен толық бөлінісе жыл соңына дейін аяқталады деп отыр.

Қала әкімдігіндегілер берген мәліметке сүйенсек, 2023 жылдың қаңтар-мамыр айларында меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар негізгі капиталға 58457 млн теңгенің күрделі қаржысын салып, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 119,6 пайызды құрады. Қаржының 3141,4 млн теңгесі (6,4%) республикалық бюджет, 16811,6 млн теңгесі (34,2%) жергілікті бюджет, 25258,5 млн теңгесі (51,4%) жеке қаражаты, 3940 млн теңгесі (8,0%) қарыз қаражаты есебінен игерілді. Құрылыс жұмыстарының көлемі 15843 млн теңгені құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 135,6 пайызды құрады. Тіпті қаңтар-мамыр айларында Қызылорда облысы құрылыс секторында жоғары осу қарқынын қамтамасыз етіп, республика бойынша 1-ші орынға шықты. Сыр өңірі негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бойынша да үздіктер қатарында екенін айта кеткен жөн.

Бұл туралы Үкімет отырысында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров хабарлады.

Дария жағасында орналасқан қалада бұдан да бөлек қаншама жұмыс бар. Соның бір дәлелі ретінде «Анаға тағзым», «Неке сарайы», «Өнер орталығы», «Қан орталығы» сынды іргетасы қаланған алып құрылыс нысандарын атап өтуге болады. Мұның қасына ел игілігі үшін салынып жатқан ондаған көпқабатты тұрғын үйлерді қосыңыз. Жыл соңына дейін «Анаға тағзым», «Неке сарайы» сынды ғимараттар ел игілігіне беріледі деп жоспарлануда. Жылу электр станциясының да іргетасы қаланғанын көшілік жақсы біледі. Бұған ондаған балалар спорттық ойын алаңын қосыңыз. Жаңа әуежай терминалы да салынып жатыр. Одан бөлек Қызылорда қаласындағы үйлердің қасбеттері заманауи үлгіде жаңғыртылууда. Қала ішіндегі жолдар жөнделіп, көркейтуде. Жоғары жұмыстары қарқын алды. Осыған қарап-ақ облыс орталығының алып құрылыс алаңына айналғанын аңғаруға болады.

А.АҚЫЛБЕК



## Жеті жүзге жуық кәсіпкердің құқығы қорғалды

Апта басында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысының міндетін уақытша атқарушы Асылхан Ашиков пен орынбасары Мұрат Банияхмет кәсіпкерлікті қолдау мақсатында «Бизнесте жол» жобасы аясында брифинг өткізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаменті мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы бірлесіп «Бизнесте жол» жобасы негізінде жергілікті кәсіпкерлердің заңды мүдделерін қорғап, бизнестің дамуына негізсіз кедергілерді болдырмау бағытында тиісті жұмыстар жүруде. «Атамекен» палатасында апта сайын бизнес өкілдерінің жеке қабылдауы өтеді. Жалпы жобаны іске асыру үшін 540-тан астам кәсіпкерді қамтыған, оның 41-мен кездесу өткізілген.

Мәселелерді талдау мақсатында әлеуметтік желілерде, оның ішінде «Атамекен» палатасының интернет-ресурстарында кері байланыс арналары іске қосылды.

— Кәсіпкерлердің жиі көтеретін мәселесі — жер учаскелерін пайдалану мерзімін ұзарту, бизнес жүргізу барысында жергілікті атқарушы органдардан түрлі келісімдер алу, атқарылған жұмыстары үшін тиесілі қаражатты кері қайтара алмау. «Бизнесте жол» жобасы аясында 700-ге жуық кәсіпкердің заңды мүдделері қорғалып, жұмысының әрі қарай дамуына ықпал жасалды — деді Асылхан Ашиков.

Сондай-ақ департаментке жергілікті кәсіпкер шағым білдіріп, ондағы «Галсуат ауылдық округінде көшені жарықтандыру» бойынша өткізілген конкурста бір мекеме жалған құжат ұсынып, жеңімпаз деп танылған. Жалған мәліметтерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жан-жақты зерттеп, департамент алаңында жауапты мекеме мамандары мен кәсіпкердің қатысуымен кездесу ұйымдастырып, кәсіпкер-

дің уәждері негізді деп танылып, мемлекеттік сатып алу жұмыстары бойынша құжаттар қайта қаралып, шағымданушы кәсіпкер конкурстың жеңімпазы болды.

Сондай-ақ кәсіпкердің заңды мүдделері шектелуіне байланысты жауапты бөлім басшысы тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Тағы бір мәселе өңірде сұйытылған мұнай газын бөлу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіліп, бұл салада кәсіпкерлерге қатысты әкімшілік кедергілер жасау белгілері байқалған. Жергілікті кәсіпкерлер бірнеше ай бойы энергетика министрлігімен қосымша бөлінген сұйытылған мұнай - газ көлемін ала алмаған.

Зерттеу нәтижесінде уәкілетті органның комиссиясы тарапынан газ бөлу барысында «таңдаулы» кәсіпкерлерге артықшылықтар көрсетілгені анықталған. Қазіргі таңда өтініш білдірген кәсіпкерлерге тиісті қосымша газ бөлінді. Мониторинг көрсеткендей, тоқсан сайынғы сұйытылған мұнай газ көлемін бөлу рәсімінде де осы жағдайлар қайталанған. Сонымен қатар қолданыстағы занама талаптарына қарамастан комиссия отырыстарының аудио-бейне жазбалары және газ бөлінісінің есептеулері жұмысшы органның интернет-ресурстарында жарияланбағандығы белгілі болды. Мониторинг қорытындысы бойынша облыс әкімдігіне тиісті хат жолданып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында шаралар қабылдау ұсынылған.

Жалпы өңірімізде осыған ұқсас мәселе бойынша 16 кәсіпкердің құқықтары қалпына келді.

Баспасөз мәслихатында «Бизнесте жол» жобасы аясында департамент тарапынан 700-ге жуық кәсіпкердің құқығы қорғалғаны айтылып, алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстар жалғасатынын тілге тиек етілді.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

## ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысына сәйкес, 2023 жылғы 31 шілде жергілікті уақыт 10:00-11:00 аралығында Ақжарма ауылдық округінің Баймұрат батыр ауылы мен Талдыарал елді мекеніндегі атаусыз қалған бірқатар көшелеріне ҮОС мен еңбек ардагерлерінің өсімдерін беру туралы ауыл тұрғындары арасында жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Күн тәртібінде: Ақжарма ауылдық округіне қарасты Баймұрат батыр ауылындағы атаусыз №1 көшесін — Төлебаев Қаржаубай, атаусыз №5 көше — Табынбаев Сәрсенбай, атаусыз №7 көше — Мұратбаев Еспенбет, Талдыарал елді мекеніндегі атаусыз №16 көше - Исмаилов Нарша деп атау туралы ұсыныстары қаралады.

1. Төлебаев Қаржаубай 1910 жылы 10 мамырда дүниеге келген. 1926-1930 жылдары Өзбекстан Республикасындағы ішкі істер училищесін бітірген. 1933-1944 жылдары Өзбекстан, Қырғызстан Республикасындағы ішкі істер органында милиция қызметкері болып жұмыс істеген. 1950 жылы Қазақстан Республикасына оралып, 1989 жыл-

ға дейін Қызылорда облысы, Машина сынау стансасында ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, өндіріс, инженер-техника, сауда саласында жұмыс істеп, өз үлесін қосқан. «Тыл ардагері» медалімен; Қазақстан Жоғарғы кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

2. Табынбаев Сәрсенбай 1917 жылы 8 наурызда дүниеге келген. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, 1945 жылы елге аман-есен оралады. 1941-1945 жылдардағы ҮОС «КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл» медалімен марапатталған. 1941-1945 жылдардағы ҮОС «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл» медалімен марапатталған. «ҮОС 40 жыл» медалімен марапатталған.

3. Мұратбаев Еспенбет 1923 жылы дүниеге келген. 1942 жылы мерген болғандықтан майданда атқыштар құрамында болған. 1944 жылы майданда жараланып, Штоптағы мүгедек болып оралды. 1 дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл медалімен, КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл медалімен наградталған.

4. Исмаилов Нарша 1915 жылы 20 қыркүйекте дүниеге келген. 1953-1961 жылдары Қазлепрозория ауруханасында веттехник, 1961-1964 жылдары бригадир, 1966 жылы Қазлепрозория емханасында III-дәрежелі машинист болып жұмыс істеген. Облыстық колхоз мектебінің грамотасымен марапатталған.

## «Эхинококкоз» ауруы туралы білесіз бе?

Жылауық құрт кеселі (эхинококкоз) - адам мен мал ағзаларына құрт ұрықтарының түсуінен пайда болатын дерт. Эхинококкоз таспа құрттың бір түрі. Дернәсілі адамның, сүтқоректілердің әр түрлі ішкі органдарында (бауыр, өкпе, бүйрек, талақ) паразитті тіршілік етеді. Ересек эхинококк (ұзындығы 0,5 см-дей) ит организміне түскеннен кейін 45-95 тәулік өткеннен бөлікке бөлінеді. Сыртқы ортаға шыққан бұл бөліктерден жұмыртқа пайда болады да, олар шөпті, топырақты, мал тұғын, суды, т.б. ластайды. Асқазанға түскен жылауық құрттың ұрғы сыртқы қабығынан айырылып ішек қапталдарына енеді, содан әрі кан тамырларына түсіп бауыр, өкпе, бүйрек, ми және басқа ағзаларға барып ұялайды. Уақыт өткен сайын ұялаған жерінде жылауық құрт өсіп өне бастайды. Егер науқас адам уақытында дәрігерге көрініп ауруын анықтап емделмесе, уақытылы ота жасағып тез арада жылауық құрт қалтасын алдырып тастамааса, ол ұлғая келе жарылып, науқастың өміріне қауіп келтіреді.

Тазалық мұқият сақталған жерде аурудың болуы мүмкін емес. Аталған аурудың нағыз таратушы көзі ит пен мысықтар. Бір ауру итте 200 мыңға жуық жылауық құрттың ұрықтары болады. Ал сыртқа ит күніне қоршаған ортаға яғни үйдің айналасына, аулаға, мыңдаған жұқпалы жылауық құрт ұрықтарын шашады. Ол ұрықтар шөптер мен су арқылы малға, тамақ пен су арқылы адамға жұғады. Асыранды иттерді аулада байлап ұстау, нәжістерін өртеп жіберу, жыл сайын мал дәрігерлеріне тексеріп тұру, дәрі беру арқылы құрттардан тазартып тұру керек. Тазалық — денсаулық кепілі. Сондықтан барлық жерде тазалық сақтайық.

М.НАБИЕВА,

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маманы, ветеринариялық-санитариялық инспектор

## Заң талаптарын бұзған теміржол қызметкерлері жазаланды

Қызылорда көлік прокуратурасымен «КТЖ» ҰК» АҚ-ның «Қызылорда магистральдық желісі» филиалы қызметіне жүргізілген тексеру нәтижесінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптары бұзылғандығы анықталды. Прокурорлық қадағалау актісінің негізінде 1610 қызметкерлерінің құқықтары қалпына келтіріліп, яғни зиянды жұмыстарда істегені үшін қосымша демалыстары, және қосымша 8,3 млн теңге ақыларының төленуі қамтамасыз етілді.

Кінәлі тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Қызылорда көлік прокуратурасы

# АЛАШШЫЛ БАҒЫТТАҒЫ ЕЛШІЛДІК ДӘСТҮР

## НЕМЕСЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНЕН БАСТАЛҒАН ЖОЛ

Жалпы «Қазақ» газетінде басталған өзіндік жол бар. Ол елді бірлікке шақыру, ұлтты саяси тұрғыдан ояту, оқу-білімге ұмтылдыру және келешек үшін еңбек ету жолы еді. Бір сөзбен айтқанда, алашшыл бағыттағы елшілік жол болатын. Біз бүгін «Қазақ» газетінен бастау алған сол жолды жалғастырып «Бірлік туы» және «Ақжол» басылымдары жайлы әңгіме өрбітпекпіз.

Осыдан тура 110 жыл бұрын ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы Әлихан Бөкейхан және Міржақып Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды. Ұлт тағдырына өздерін жауапты сезінген Алаш қайраткерлері қазақ халқының мүддесін қорғауда білектің күшімен емес, ақыл-ойдың қарымымен есе қайтарудың жолын таңдады. Бұл жол ұлттың мүддесін қорғауда ұлттық-саяси мінберге айналған «Қазақ» газетін өмірге әкелді. 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап халыққа жол тартқан «Қазақ» газеті 1918 жылға дейін 266 саны шығып үлгеріпті. Халықтың көзі, құлағы һәм тіліне айналған «Қазақ» газеті рухани жаңғыруға бастаған сана серпілісінен туған басылым болатын.

Заман ағымы бір қалыпты тұрмады. Төңкерістің дүмпуі сезілген сайын, қарапайым халықтың оған құмарлығы арта түскен. Қазақ даласындағы ат төбеліндей ғана ел оқығандары біріге білді. Жан серіктікке семсердің орнына қаламды таңдады. Тарих беттерінде халықтың жоқтаушысына айналған «Айқап», «Қазақ», «Серке», «Сарыарқа», «Алаш», «Бірлік туы» секілді басылымдар пайда болды. Бұл басылымдардың әрқайсысының ел тарихындағы алатын орны баға жеткізесіз екені даусыз мәселе. Себебі XX ғасыр – мәдени-рухани даму ғасыры; XX ғасыр – ояну ғасыры; XX ғасыр – қазақ әдебиетінің алтын ғасыры болумен қатар, қазақты қазаққа айдап салып, таптық күресті күшейткен ғасыр; XX ғасыр – қазақты аштыққа ұшыратып, қырған ғасыр; XX ғасыр – елім деп еңіреген ерлерді халық жауы деп, тарих бетінен мүлдем өшіріп тастауға ұмтылған ғасыр; XX ғасыр – тарих бетінде екі бірдей дүние жүзілік соғысқа куә болған ғасыр; XX ғасыр – қазақтың елдік мақсұттан айнымай, бабалар аңсаған егемендікке қол жеткізген ғасыр екенін естен шығармауымыз керек.

Қазақ даласын большевиктер өз ықтиярына көндіргеннен соң алаштықтарға оларды мойындаудан басқа амал қалмады. Алайда алашшыл бағыттағы елшілік дәстүр өз жалғасын Түркістаннан табады. Бұлай айтуымыздың да өзіндік дәлелі бар. XX ғасырдың бас шетіндегі түркістандық әдеби орта өз кезегінде саяси төңкерістерге толы төңкерістердің ұшығуы, елдегі қарапайым халық жағдайының нашарлауы, отаршылдық саясаттың күшеюі, үстемшіл патша үкіметінің құлауы, үкімет басына саяси биліктердің таласуы секілді қым-қуыт кезеңде елдің болашағы үшін күрескен қайраткер аспантау тұлғалардың шоғырынан тұрады. Олардың қатары түркі халықтарының бірлігін көздеп, ұміт туын Түркістанға тіккен Мұстафа Шоқайұлы, Мұхаметжан Тынышбаев, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов, Нәзір Төрешұлы, Хайретдин Болғанбаев секілді қайраткерлермен бірге кеңестік тоталитаризмге қарсы күрес жүргізу үшін, бұрын «Қазақ» газетінде қаламы шыңдалған Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Қошқе Меменгерұлы, Мағжан Жұмабаев секілді дарынды қаламгерлермен толықты. Бұрынғы «Қазақ» газетінің елшілік бағытын алдымен Мұстафа Шоқайұлы ашқан «Бірлік туы» басылымы жалғастырды. «Бірлік туы» жайлы академик Дихан Қамзабекұлы: «Ол – ауамалы-төкпелі 1917-18 жылдары ұлттық, түркішілдік бағыттан таймаған қазақтың бірегей газеті-тіні. Ол – жалпы түркі әлеміндегі ірі тұлға Мұстафа Шоқайұлы бастаған қазақ зиялыларының елді бірлікке шақырған үні-тіні. Ол – «Қазақ» газетін большевиктер күштеп жапқан кезде (кейін қайта ашылады) оның жалауын жығылттай іліп әкетіп, өз байрағының жанына қадаған басылым-тың», – дейді. Ал Нұрхат Сапуанов оның ең басты себебін «Бірлік туы» газетіндегі қаламгерлердің барлығының да қаламын қарыштаған, тай-тәйлеген алғашқы еңбектерін жариялап, әдебиеттің қәусар бұлағынан сусындатып, нағыз әдебиетке жолдама берген «Қазақ» газетімен байланыстыра отырып дәлелдейді. Ол: «Біріншіден, ол «Қазақ» газетінің

Басы 1-бетте



жалпы бағытын жұртқа мәшһүр етуге жәрдемдескен, соған еліктеген, «Қазақтың» деңгейіне ұмтылған. Екіншіден, газетке М.Шоқайұлы, Х.Болғанбайұлы, С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, А.Мәметұлы, Б.Майлыұлы сияқты қаламдары «Қазаққа» шыңдалған, әрқайсысы бір-бір тұлға арыстар атсалысқан», – деп «Бірлік туы» хақындағы ойын білдірген. «Қазақтың» туын жықпай, елшілік бағытты іліп әкетіп, әрі қарай жалғастыра, тіпті оның жалпы халықтық белең алуына бұрын «Қазаққа» қаламы шыңдалған қаламгерлер атсалысса, онда қалайша «Бірлік туы» елшілік бағытты жалғастырушы деп айта алмаймыз? Біздің тарихта әттеген-ай деп, сан соқтыратын кезеңдер мен құпиясы ашылмаған сан қилы ақпаңдаққа толы оқиғалар жеткілікті. Рахманқұл Бердібайдың: «Біз тарихы жазыламаған халықпыз» деуі содан болар.

Кенестік қызыл шекпенділер «Бірлік туына» да «Қазақтың» кебін кігізіп, жауып тастайды. Ендігі халықтың жоқтаушысы Сұлтанбек Қожанұлы ашқан «Ақ жол» газеті болды. «Қазақ» пен «Бірлік туы» көтерген жүк салмағы «Ақ жолға» түсті. Алашшыл бағыттағы елшілік дәстүрді жалғастыру үшін «Ақ жол» газеті «Қазақ» пен «Бірлік туы» жүрген сұрлеумен жүрді. Себебі бұл басылымның да айналасына «Қазаққа» қаламы шыңдалған қаламгерлер жиналған еді. Дүкенбай Досжанның «Абақты» атты еңбегі арыстарымыздың темір тордағы жан күйзелісінен, сонымен қатар XX ғасыр басындағы мәдени өрлеу кезеңінен мәлімет беретін таптырмас дерек көзі екені аян.

Осы кітапта арыстарымызды тергеу ісі туралы мәліметтер келтірілген. Аталған мәліметтер біз қозғап отырған жайтқа қатысты болғандықтан үзінді келтіруді жөн санадық. «Дулатов Ташкентке келісімен Қожановпен тіл табыса кетті. Қожанов Дулатовтай іскер кісі тапқанына қатты қуанып, жаңа газет ашуға тапсырыс берді. Бірнеше күннен кейін «Ақ жол» газеті ашылды. Газеттің жауапты редакторы Қожанов болса да негізгі шаруаның бәрін Дулатов өз мойнымен көтерді» (Әділов Дінмұхамедті тергеу ісінен үзінді). Бұл жерден біз «Ақ жол» газетінің шығуына сеп болған Сұлтанбек Қожанов пен «Қазақтың» редакторларының бірі Міржақып Дулатов екеніне көз жеткіземіз. Ал ары қарайғы жұмысының шындығын



дамуына кімдер үлес қосты? Шынымен алашшыл бағыттағы елшілік дәстүрді ұстанды ма? Тағы да «Абақтыдағы» деректерге үңілейік. «Өз басым Ташкентке жұмыс істеуге 24-жылдың аяғында келдім. Бұған дейін Ташкентте ешқашан болмаған едім. Бұл қалаға қазақ оқу-ағарту институтының шақыртуы бойынша оқытушы болмақшымын. Бұрынғы таныстарымның ішінен жалғыз семейлік Ысқақов Даниялды ұшыраттым. Аз уақытта Байтасовпен, Кеменгерөвпен, Ғалымжановпен, Досмұхамедов Халлмен танысып үлгердім. Оқу-ағарту институтында сабақ бере жүріп «Ақ жол» газетінде істедім. Орынборда шығатын «Жас қазақ» газеті мен «Пионер» журналынан басқа өзгедей басылымдарға материал берген емеспін. Мен келгенше «Ақ жол» газетінде Жұмабаев істеген екен...» (Жүсіпбек Аймауытовтың тергеу ісінен үзінді). Сонымен «Ақ жолда» Қожанов пен Дулатовтан басқа Аймауытов пен Жұмабаевтың да болғаны айқындалды. Алайда аталған басылымның бетіндегі жарияланған материалдарға қарап, жоғарыда аты аталған тұлғалармен қатар онда Мұхтар Әуезов, Қошқе Меменгерөв, Бейімбет Майлин, Хайретдин Болғанбаев сынды қайраткерлердің қаламының ізі қалғандығы байқалады. Алашшыл бағыттағы елшілік дәстүрді жалғастырушы басылым ретінде тану үшін, бұдан артық қандай дәлел керек. Өйткені бұл қаламгерлердің барлығы да «Қазақтан» сусындап, алашшыл бағытты мақсұт тұтқан ақын-жазушылар екені етенеңден белгілі. Ғалым Амантай Шәріптің мәліметіне сүйенсек, С.Мұқанов «Ақ жолды» «Түркістан республикасының басқарушы газеті» – дейді. Олай болған жағдайда халық жүрегіне жол тапқан басылым болды ғой сонда. Халықтың жүрегіне жол тапқан басылымды елшілік дәстүрді жалғастырушы басылым демеу күнә болар, сірә.

Асылында, Әділов Дінмұхамедті тергеу ісінде «Ақ жол» газеті жайлы тағы бір құнды мәлімет бар. Зер сала үңілу артықтық етпес. «Бұл кезде барша күш-жігерді баспасөзді жаулап алуға салып жатты, баспасөз арқылы жұртты еліктеу, ілестіру оңай. Бұл ойлары Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің арқасында толық іске асыра деп мәлімдеуге болады». Қайраткердің «бұл кезде» деп отырғаны – бұрынғы «Алаш» белсенділерінің кеңестік үкіметті еріксіз мойындаған тұсы. «Бірлік туы» мен «Ақ жолды» «Қазақ» газетінің ұстанған бағытын жалғастырушы басылымдар ретінде тағы бір қырынан олардағы жарияланған материалдардың үндес, сарындастығымен де дәлелдеуге болады. «Қазақ» газетінде жарияланған «Г. Дума», «Мектеп керектері», «Оқу мезгілі», «Қазақша оқу жайы», «Оқу жайы», «Бірлік туында» басылған «Иман күші», «Мұғалім және шәкірттер», «Түркістанда орыс сиездері», «Ақ жолдың» бетіндегі «Қазаққа пайдалы жас талап», «Дау тоқтап, іс басталысы», «Тілшілердің міндеті һәм мәнісі» сынды басқа да мақалалар өзіндік бұлжытпас айғағы бола алады. Себебі бұл басылымдар әйел тентіді, оқу-ағарту ісі, білім алу, өнер үйрену секілді әлі күнге дейін еш маңызын жоймаған мәселелерді көтере білді. Осылардың барлығын назарда ұстасақ, онда XX ғасырдың басындағы түркістандық әдеби ортаны алашшыл идеяның өміршеңдігін көнегітті деп айтуға болады. Тіпті большевиктер жеңіске жеткен кездің өзінде де тоталитаризм түтеткен түтінге тұншықпай, елшілік бағытты биікке самғата көтерді. Сол арқылы отаршылдық бұғауда құрсауланған қалған халық жүрегіне еркіндік сезімін ұялата білді. Олар түптің түбінде алашшыл бағыттағы елшілік идея қазаққа егемендік алып беретініне, қазақты тәуелсіз ел ететініне сенді. Ал тарих бұл ойды дәлелдеді.

Тарих қойнауында әлі қанша сыры ашылмаған шындық бар екен? Бұл бізге беймәлім. Алайда тарих алдауға көнбейді. Қанша қолдан жасағанымен келер ұрпақ ақиқатын таныры анық. Академик Дихан Қамзабекұлы: «Қазақтың халықтық қалпын, замана сапырылысының жай-жақсарын бетіне айналқатесіз түсірген «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұран», «Жас азамат» газеттеріндегі деректер ғылыми айналымға түспейінше, тарихнамалық көзге қосылмай қалып қалады», – дейді. Себебі ұлттық құндылықтарды сақтап, тарих қойнауындағы ақпаңдардың ақиқатына жетіп, келер ұрпаққа тек шындығын жеткізу үлкен мақсұтты іс. Бұл өткен мен бүгіннің ғана емес, келешектің де ісі болып қала бермек.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӨУЛЫ

## Жариялылық әділеттік принципі ретінде: оны қамтамасыз етудің мәні мен заманауи тәсілі

Жариялылық – мемлекеттік және басқа да басқару институттарының ашықтығы, ақпараттың кең таралуы, ұйымдар, мекемелер мен лауазымды тұлғалардың азаматтарға ашықтығы, қоғамдық пікірді анықтау және есептеу, қабылданған шешімдерді жариялау. Осының негізінде демократиялық қоғамда ашықтық пен жариялылықтың орны ерекше екенін аңғаруға болады. Сот жүйесінде біртұтас мемлекеттік билік тармағы ретінде өзін жариялылығы қарастырылған. Сот төрелігін жүзеге асырудағы жариялылық қағидаты Конституция мен процесстік заңнамаларда бекітілген. Осы негізде Мемлекет басшысы соттардың жұмысын одан әрі жақсартуды, сот ісін жүргізудегі жариялылықты қамтамасыз етуді тапсырған болатын.

Соттардың басты міндеті – сот төрелігін уақытылы әрі сапалы түрде жүзеге асыру. АПК-ның 19-бабында азаматтық істерді талқылау барлық сот сатыларында ашық жүргізіледі. Сот актілері жария түрде хабарланады. Тек мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтері бар шешімді жариялауды қоса алғанда, жеке өмірге қол сұғылмаушылықты, жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауды қамтамасыз ету қажет болса не ашық талқылауға келергі келтіретін өзге де мәңгілік болса іске қатысатын адамның өтінішіне қарамастан немесе соттың бастамасы бойынша жабық сот отырысында азаматтық іс қаралуы және шешілуі мүмкін. Іске қатысатын адамдардың оның ішінде ашық сот отырысына қатысып отырған БАҚ өкілдерінің

сот отырысының барысында жазба жасауға, оны залда отырған орындарынан аудиозау құралдарының және шифрлық жеткізгіштердің көмегімен жазып алуға құқығы бар. БАҚ өкілдері мен басқа да тұлғалардың ашық сот отырыстарына қатысуына мүмкіндігі бар. Бұл барлық ниет білдірушілердің мәжіліс залына еркін кіруін қамтамасыз ете отырып, соттарда процесстер ашық түрде жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта сот органдарында «Электронды үкімет» бағдарламасы шеңберінде электрондық іс жүргізу толықтай іске қосылған, оны сот органдарының «Төрелік» автоматтандырылған жүйесі қамтамасыз етеді. Сот кабинеті сервисі арқылы келіп түскен әрбір талап, арыз, шағым, сұрау салу, өтінішхат және басқа құжаттар «Төрелік» жүйесімен интеграцияланған. Сонымен қатар «Төрелік»

бағдарламасына электрондық мұрағаты, ішкі портал, кадрлық жүйе, соттардың интернет-ресурстары, Call-центр, сот құжаттарымен танысу жөніндегі барлық сервистер біріктіріле отырып, ашық түрде мәлімделеді. Яғни талап қою өндіріске қабылданған уақыттан бастап іс аяқталғанға дейінгі сот актілері мен құжаттар осы бағдарламаға орналастырыла отырып, сот кабинеті сервисінде көрінеді. Кез келген сотқа жүгінуші өзін жеке кабинеті арқылы сот ісін қозғалысын оңай бақылай алады.

Заңды күшіне енген сот актілері соттың интернет-ресурсында жарияланады, сондай-ақ соттың іс жүргізуіндегі азаматтық істер бойынша сотқа келіп түскен өтініштер туралы ақпарат жария етілуі және осы ақпаратты соттың ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы процеске қатысушылардың назарына жеткізіледі. Осындай жаңа технологиялар сот жүйесін жүйелеуге мүмкіндік бере отырып, барлық процесстерді ашық және түсінікті етуге, құжаттармен жұмыс істеу кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, соттың ашықтығы мен жариялылығын толыққанды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Дархан КЕНТБÆВ,

Қызылорда қалалық сотының төрағасы

Көзжіектен қара түтін көрінсе, бойымызды үрей билеп, тынысымыз тарылып, үлкен уайым жетегінде қалатындай күйге жеткендейміз. Себебі жасында ғана қасиетті Семей жерінде болған алапат өрт қалың қарағайлы орманымыздың бір бөлігін күлге айналдырып, бірнеше табиғат күзетшісінің өмірін қиғаны әлі күнге дейін санамыздан кетер емес.

## Табиғатты аялау – басты міндетіміз

Елімізде болған бұл төтенше жағдай жастан кәріге дейін бәрімізге үлкен сабақ болды деп есептеймін. Сондықтан жан-жағымызға жауапкершілікпен, қамқорлықпен қарап, табиғатымызды аялауға бәріміз бірдей міндеттіміз. Өз замандастарымды осындай ынтымаққа шақырамын.

Ол үшін әрбір азамат өзінің туған жері, тұрған үйі, көшесі мен ауласына зор құрметпен қараса жеткілікті. Менің туған жерім, қасиетті Сыр өлкесі, Қызылорда қаласының географиялық орналасқан жері шөлейтті аймаққа жатса да өзіндік ерекшелігі бар гажап мекен. Жазда ыстығымен, қыста суығының өзін басқа аймақтармен салыстыруға мүлдем келмейді. Қанша шөлейтті аймақ болса да флора-су мен фаунасы өте бай деуге болады. Ыстық пен шөлге төзімді өсімдіктері: жыңғыл, жиде, шенгел, жантақ, мия, қара ағаш және тағы басқа өсімдіктері біздің өлкеміздің табиғатын ерекшелеп тұрады.

Қазіргі уақытта табиғатты қорғау, жасыл желекті көбейту және тазалық сақтау бойынша аймағымыздың басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың атқарып жатқан еңбегін ерекше атап өткім келеді. Ақпарат саласына қызығушылығым болғандықтан күнделікті баспасөзден және теледидар жаңалықтарынан облыс әкімдігінде өтетін жиындарды және табиғатты қорғауға бағытталған тың жобалармен облыс

әкімінің арнайы тапсырмалары туралы оқып, қарап отырамыз. Әсіресе ел ішінде Сыр Ана аталып кеткен, біздің өңірдің тіршілік көзінің негізгі құрамымыз – Сырдария өзенінің ахуалын реттеу, су мөлшерін қалыпты деңгейде ұстау, диандарға суды жеткізу бойынша көп жұмыстар атқарылады. Мысалы, өткен жылдың қараша айында Үкіметте өткен үлкен жиында 3,6 млрд теңге қаржы бөлініп, су арналары тазаланып, гидротехникалық нысандардың жөндеуден өткізіліні туралы айтылды. Соның арқасында өгістік жерлер сумен толық қамтылып, табиғи мал азығымен қамтылу деңгейі жақсарып, көлдер жүйесі суландырылды.

Ел ағаларының бүгінгі күн және болашақ ұрпақ үшін атқарып жатқан осындай жұмыстарын біз қашанда жоғары бағалап, табиғат үшін жұмысқан әрбір теңгемнен іс-қимылға құрметпен қарау керектігі.

Табиғатқа деген сүйіспеншілігімізді әрқайсысымыз өзмізден бастап, жан-жағымызға үлгі көрсетіп және көпшіліктің назарын ағаштарды қурауға, даламызды қиратуға емес, керісінше тоғаймызды көбейтіп, көгертуге жұмыс істегеніміз жөн. Себебі табиғатты аялау – барша адамзаттың басты міндеті!

Жанерке НҰРХАН,

Қызылорда қаласындағы №144 орта мектебінің түлегі



# ЖАҢАРҒАН АЛЛЕЯДАҒЫ МЕРЕКЕ

Қаланың тыныс-тіршілігін, өзекті мәселелері мен жарқын жетістіктерін ақпараттандырып, ел қамын күйттеп жүрген журналистердің еңбегі елеусіз.

– «Бұл аллея – қалам ұстаған шығармашылық иелеріне көрсетілген шексіз құрметтің бірі. Қалам ұшындағы құдіретті жүрегімен түйсінген сіздердің әрбірініз қандай сый-


сияпатқа лайықтысыздар. Әрине, журналистиканың көтерер жүгі жеңіл емес, десе де тынымсыз еңбектеріңіз үшін адал қызмет атқарып, елімізде болып жатқан жаңалықтардың жігін бұзбай бұқараға жеткізіп, маңызды әлеуметтік мәселені шешуге зор үлес қосып келе жатқандарыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін», – деді қала әкімі Асылбек Шәменов. Шарада ең алдымен үш алыптың ескерткіші жанында, қалам құдіреті мен қасиетін бейнелейтін қалалық жастар

театры әртістерінің қойылымы, жиналғандарды тәнті етті.

Сонымен қатар аймақ тележурналистикасының алғашқы қарлығаштарының бірі болған Қаршыға Құрмашқызы мен ҚР Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, «Қызылорда қоғамдық теледидарының» құрылтайшысы, Қызылорда облысының құрметті азаматы Шаһизада Өтетілеулы барша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін мерекемен шын жүреппен құттықтады. Құттықтау барысында Алашқа белгілі ақын, Сыр елінің Қадірі атанған Дүйсенбек Аяшулы да жүрекжарды жырды оқып, көпшіліктің құрметіне бөленді.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Басы 1-бетте



## БЕЙЖІҢ: Жаңа заң – ескі ұстаным

Саясатта әрбір әрекетке құқықтық негіздеме керек. Бұл қадам сүйенетін ұстын, ақталатын амал, әйтеуір әділет жолынан айнымаған кейіпке жақсы. Алпауыт елдер де өз жауыздығы мен әскери қимылдарының дұрыстығын жақтау үшін заңнан сылтау іздейді. Жоқ болса, енгізеді. Мұны КХР да қолға алған сыйайлы. Сейсенбіде бүкілқытайлық халық өкілдерінің жиналысы «ҚХР сыртқы қатынастар» туралы заңын қабылдады. Заң негізінде Қытай билігі халықаралық қатынаста жаңа талап енгізетін болады. Бұл өзгеріс әлем елдеріне нендей әсер береді? Қандай нәтиже орын алмақ? Аталған сауалға CNN арнасының тілшісі Симона Маккарти жауап іздеген екен.



Әлемдік арнаға жарияланған бағдарламадан аңғарғанымыз, аталған құқықтық құжаттың негізгі басымдығы – сыртқы саясат, қарсыласқа айбап көрсету. Мысалы, Қытай бұрын да айтқан келген «өзге елдегі отандастарды қорғау» идеясын заң жүзінде бекітті. Енді ұрысқа желеу жетеді, қаттығына себеп бар. Мұны КХР СІМ Мао Нин де менсеп, арнайы пікір білдірген. Лауазымды тұлғаның сөзінше, Қытай өз тарихында алғаш рет сыртқы саясатқа бағытталған заң шығарып, елдің ресми ұстанымын мойындатуға жол ашылған. Оның үстіне құқықтық құжат КХР-ның қауіпсіздігі мен ұлттық тәуелсіздігін қорғауда басым бағыт болады деп көрсетілген.

«Бұған дейін Бейжің тарапы халықаралық дауды бейбіт жолмен шешіп келді. Яғни, ешбір әскери қақтығысыз, күш қолданудан ада түрде әрекет еткен. Жаңа заңда да барынша бейбіт жолды ұстану керектігі көрсетілгенмен, өзге елдерден «бүтін Қытай» идеясын ұстануды, аймақтық тұтастықты құрметтеуді, қисындас санкциялардан бас тартуды талап еткен. Сондай-ақ көпқырлы өркениетті сыйлау, теңдік белерін айшықтау, өзара білім алмасу назарға алынбақ, – дейді автор.

Бір қарағанда ізгілік пен тәртіпке құрылған кезекті заң көрінуі мүмкін. Дегенмен аталған қауіпті тұсы көп. Мысалы, заңның 33-бабында «Қытай қарсы шабуылы мен саяси қадамдар жасау құқығына ие» деп көрсетілген. Тіпті кез келген ұлттық қауіпсіздік пен тәуелсіздікке зиян келтіретін халықаралық әрекетке қатысушыларға қарсы қолданылатыны айтылған. Оған қоса мемлекеттік органдарға арнайы бағдарламалар әзірлеп, мемлекеттік қенеске қорғаныс механизмін құрастыру жүктелген.

Жаңа заңның тағы бір маңызды тұсы – шетелдік және қытайлық компаниялар құзыреті. ҚХР шетелдік компаниялардың АҚШ-пен бірлесіп экономикалық қысым жасауын сыңға алып келген еді. Енді, міне, өзгеріс нәтижесінде шетелдік компаниялардың санкцияға қосылып, талап қоюы шектелмек. Сондай-ақ АҚШ-тың экспорттық әлеуетке тигізер зиянды ескерген билік ендігі жерде мұндай келісімсіздікке жол бермейтінін айтады.

«АҚШ Қытайдың жоғары технологиялық тауарларын өз еліне экспорттауды азайтып келеді. Осы арқылы Қытайдың экономикалық дамуын тежеп, компаниялар арасындағы бәсекелестікті орнатуға көңіл бөлетіндей. Дегенмен бұл ұстанымға қарсы шыққан Қытай тарапы жаңа заңда аталған мәселені көтеріп, экспортқа қарсы күшті әлсіретуді қолға алуға көшті. Жақында Си Цзиньпин мен АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен кездесіп, қос ел арасындағы ынтымақтастық орнайтынын, экономикалық кедергілерді жоюға жұмыс істейтінін жеткізген еді. Осыған қарамастан ҚХР «экономикалық қауіпсіздік» ұстанымын заңмен бекітті, – дейді Симона Маккарти.

Расында, бұл заң тұрасында пікір екіұшты. Кей мамам, «ҚХР сыртқы қатынастар» туралы заңын Си Цзиньпиннің билікті ұстап қалу амалы деп ұғалды. Ал заңдағы ұғымдар онсыз да Қытайда жүріп жатқан қарсылық күнін ресми бекіту деп ұғалды. Сарапшылардың басты уайымы – ҚХР заңды желеу етіп, шилленісті мекендерде әскери операция бастамаса деген күдік.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған  
Ерсін ШАМШАДИН

Тәуелсіздік алған соң еліміздің сот жүйесінде тың реформалар жүргізіліп, оның тиімділігін арттыруға бағытталған түбегейлі шаралар жүзеге асырылып, қоғам мен азаматтардың арасындағы құқықтық қарым-қатынастың реттілігін әлемдік талаптармен байланыстыру қажеттігі туындады.

## Тура биде туған жоқ

Сот жүйесін одан әрі дамыту дербес, тәуелсіз сот құру – жүргізіліп отырған сот реформасының басты мұраты. Судьяның құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңы және өзге де заңдармен айқындалған.

Сот билігі – біртұтас мемлекеттік биліктің өз алдына дербес тармағы. Қазіргі таңда елімізде Жоғарғы Сот пен жергілікті соттар құрайтын біріншілік сот жүйесі жұмыс істейді. Жалпы лауазымды тұлғаның қоғамдағы орны мен әлеуметтік мәртебесі сол лауазымды тұлғаның қандай қызмет атқаратындығымен байланысты. Сот билігін атқарушы судьяларға конституциялық тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыру және өзіндік міндеттерін кәсіби негізде атқару құқықтары берілген.

Адам тағдыры таразыда тұратын сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судьялар да тәуелсіз және тек Конституция мен заңға бағынады. Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыруға араласуға және судья мен алқабилерге қандай да бір ықпал етуге құқығы жоқ. Егер осы секілді әрекеттерге жол беріледі, заң бойынша қудаланады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында саяси-экономикалық, әлеуметтік дамуымыздың түпқазығы іспеттес сот саласын ерекше атап өтті.

Соңғы жылдары сот саласындағы қара қылды қалай жасағандықтан кәсібилігіне қатысты талаптар қатаңдатылды. «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңына, «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» және тағы басқа заңдарға еліміздің судьялар құрамын жинақтауды демократияландыруға бағытталған өзгерістер енгізілді. Судьяның кәсіби қасиеттеріне деген талапты күшейту, сот төрелігін іске асыру кезінде заңдылықты сақтамағаны үшін жауапкершілік, сондай-ақ судьялық әдепті арттыру жөнінде шаралар кешені қабылданды. «Тура биде туған жоқ» демекші, судья сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін, Судья әдебіне қайшы келетін теріс қылық жасағаны үшін, еңбек тәртібін өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Демек, тәртіптік істерді қозғау құқығы Жоғарғы сот төрағасына және облыстық сот төрағасына ғана тиесілі. Яғни заңның алдында бәрі бірдей.

Еліміздегі талаптар мен шетелдік тәжірибелерді саралай отырып, аталған конституциялық заңға сот тәжірибесі жинақталып, қазіргі заманға сай келетін жаңа мазмұнмен толықтырылып, тиісті өзгертулер енгізілді. Атап айтсақ,

соттарды мамандандыру, аса ауыр қылмыстар қатарына жататын істерді алқа билердің қатысуымен қарау, соттармен бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуды санкциялау құқығы, тағы басқа мәселелер халықаралық талаптарға сәйкес шешімін тапты. Қоғам мен мемлекет мүддесін, ел азаматтарының бостандықтары мен заңды құқықтарын сот арқылы қорғауды қамтамасыз ету үшін талаптарды жетілдіру, соттардың мамандану аясын кеңейту, істердің қаралу мерзімін сақтауды қамтамасыз ету, бақылау жасау аясын кеңейту, сот процестерінің ашықтығы сот саласын өркендету көшіне жақсіндыра түсті.

Зандылық пен әділеттің күзетінде тұратын сот жүйесіне халық үлкен сенім артып, әділдік пен төреліктің айнасы ретінде қарайды. Сот беделі ең алдымен судьялардың кәсіби біліктілігіне, халықпен жақындығы мен ашықтығына тікелей байланысты. Жұртшылық пен ақпарат құралдары үшін соттың ашықтығы мен ақпараттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтында қарау барысы заңмен белгіленген жабық отырыстарда қаралған істерді қоспағанда, сот актілері тұрақты түрде орналастырылуы қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар сот процесінің өту барысы мен қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін электрондық іс жүргізу, аудио және бейнежазба енгізілуі сот билігіне деген сенімділікті арттыру және заңбұзушылыққа жол бермеудің бірден-бір жолы.

Бүгінде соттар халықаралық тәжірибелерді қолдана отырып, шилленісті азайту, бітімгершілікке келу, келісім институттарын дамытуға айрықша бет бұрды. Дауды сотқа дейін жеткізбеудің, сотқа дейінгі рәсімдердің алдын ала шешудің мол мүмкіндіктерін мақсатты түрде пайдалана бастады.

Қазақстандық заңнамаларға енгізілген бірқатар өзгерістерге, құқықтық жүйемен танушы барысында жаңа қағидалы ережелер шетелдік әріптестер мен мамандардың оң баға беруі бұл бағыттағы атқарылған жұмыстардың жемісті нәтижесі.

Халық даналығы сот билігіне қатысты «Елге бай құт емес, би құт» деп баға берген. Сонымен бірге «Би төрттің құлы – адал еңбек, таза ниет, теріс ой, әділдік». «Әлсіздерге болысу, қиянатқа қарсы тұру, әділ болу бидің азаматтық, адамдық парызы» деген ұғымы кен тараған. Заң үстемдігінің кепілі болған сот жүйесі билік айтуда әділдігімен құрметке ие болады деген сенімдемін.

Меруерт ТОҒЫЗБАЕВА,  
Қызылорда қалалық сотының судьясы



## КИІМНІҢ КИЕСІ БАР

Обал мен сауаптың, кие мен қасиеттің маңағынасына терең бойлаған халқымыздың ұлттық болмысы ата-бабалар өнегесі мен өсиетінен тамырлап, нәр алып жатқанын көріп қайран қаламыз. Осындай сәтте ауылдың қара топырағына аунап өскен балалық шағымыздың бал дәурені еріксіз ойға оралады. Тоқал тамдар мен кішкене киіз үйдің ішінде, май шамның көмескі жарығымен бізге берілген отбасы тәрбиесі құндылықтың қайнар көзіндей еді ау шіркін! Анамыз бұлақ болса, әкеміз білімнің шамын жаққан шырақ болды. Зердесі таза ықыласты бала үшін үйдегі тәлім оне бойына жылы нұрмен тарап, болашағына бағдарлап болып, өнегеге толы өмір жолына бағыттады екен. Иә, анамыз ес жиганнан әкеге құрметтің қалай болатынын санамызға сіндіріп өсірді. Даладан әудем жерден әкеміз көрінгеннен «әкең келе жатыр, тосек сал, жастығың әкел, тынышталыңдар, шаршап келе жатыр, демалсын. Тамақ ішуді әкең келмей бастамайық. Өзінің үлкен кесесін дайында. Әкеңнің киімі жерде жатпасын, аяқасты болмасын» деп жарықтық безек қағатын. Кейбіреуге бұл ұсақ-түйек көрінгенмен, біздің үйдің балалары үшін өзгермес қағида болатын. Әкем өте мейірімді, жұмсақ мінезді, балажан кісі болатын. Бірақ анамыз әкеміздің тіпті атын да атамайтын. Керісінше айбынын асырып, мадақтап, жазған өлеңін жаттап, бізге жаттатып, тұтыңған кітаптарына қолдан қалта тігіп, соған салып, оған шаң жуытпайтын. Ал соғыстан алған орден-медалдарына арнайы масаытдан кілемше тігіп, соған қадап, көрнекі жерге іліп қоятын. Қазақтың «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген қанатты сөзі ойға оралады осындайда. Шынында отбасынан дарыған тәрбие – адам үшін тәлімнің ең ұлығы.

Бүгінде сол тәрбиені балаларымызға дарытуға күш саламыз. Адамның киімін баспау керектігін зерделімізге зерлеген ана тәрбиесімен қуаттандық. Киімінің киесі бар екенін кітаптан да оқып жүрміз. Осы ретте халық аузындағы мына әңгіме көпшілікке ой саларлықтай екен. Бұл аңыз болуы мүмкін. Бірақ астарына көп мағына сыйып тұрғаны анық.

Ертеде Есенгелді деген жеті атасынан бері бай, мал-жаны мыңғырған кісі болыпты.

Ол нағыз шынжыр балақ, шұбар төс дәулетті адам екен. Болыс болып, ел де билейді. Оның тоқалынан Бекей есімді ұлы болыпты. Бекей орысша сауаты өте жоғары, көзі ашық жігіт екен. Байдың бәйбішесінен туған ұлдары Бекейдің ел ішіндегі беделін көре алмай, әкесін ұлына айдап салады. Оған «Балаңыз атадан қалған дәулетті бейберекет шашып жүр. Ел-жұртқа абыройсыз қылып бітті» деп жамандайды. Оларға иланып қалған Есенгелді әлгі балаларға:

– Олай болса, маған қандай ақыл бересіңдер? – деп сұрайды.

– Ойбай, әке! Ондай баланың барынан жоғы. Тез құтылғаныңыз жөн, – деп азғырады мысық тілеу ұлдары. Зұлымдардың тіліне ерген бай Бекейді мерт қылады.

Бұл оқиға кейін барлық жерге әшкере болады. Байдың келіні өте есті жан екен. Әкесінің өз ұлының түбіне жеткендігін дәлелден, қазы-билердің алдына жүгінеді. Бай баласын өлтіргенін мойындап, өкінеді. Даудың соңы құнға кеп тірелгенде өжет әйел:

– Еріме құт болмаған дәулет маған бақыт бермейді. Бір ғана тілегім бар. Қайын атамның жеті атасынан бері келе жатқан құндыз жағалы тона төрінде ілініп тұр. Соны бір аттап өтем. Басқа талабым жоқ, – депті. Келінінің өтініші орындалады. Көп ұзамай, Есенгелді бір жұтта төрт түлік малынан теріс айрылып, тапж ұстап қалады. Киелі киімі аяққа тапталғандықтан, байдың бағы тайыпты. Ақыры Есенгелді жоқшылыққа, қайыр сұрап жүріп өлген екен. Жазушы Мұхтар Мағауиннің «Алтыбақаннан соң» атты әңгімесінде ер адамның киімін әйел адамның астына басып отырмайтындығы туралы жазылған.

Міне, әңгіменің түйіні алдамшы байлық пен дүниеге елітпей, барды бағалап, аны аны деп, әкені әке деп құрметтеп, кеуденен жаппы шыққанша пешенеге бұйырған игіліктің қадірін біл, есіетке адал бол дегенге саяды. Алланы жаратқан дүниесінің әрбірінде кие бар. Алайда ер адамның тұғыры биік болса, сол шаңырақта береке орнайтынын ұмытпайық.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Меншік иесі:



Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертеді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы Тапсырыс №

Нөмірдің кезекші редакторы Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА